

№ 1 лекция. Сақтандырудың құқықтық табиғаты. Сақтандыру құқығы құқықтық институт ретінде табиғаты.

Сақтандырудың құқықтық сипаттамасы. Сақтандыру құқығының түсінігі және пәні. Сақтандыру қатынастарының белгілері, олардың өзе қаражат қатынастарынан айырмашылығы. Сақтандыру қатынастары. Материалдық сақтандыру қатынастары және сақтандыру ісін ұйымдастыру қатынастары.

Сақтандыру - сақтандыру ұйымдары (сақтандырушылар) мен жеке заңды тұлғалар арасындағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының өздерінің арасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар. Сақтандыру ерікті және міндетті нысандарда жүзеге асырылады. Ерікті сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы шартқа негізделеді. Ерікті сақтандырудың ортақ шарттарын және оның жүргізілу тәртібін айқындайтын ережелерін сақтандырушы дербес айқындайды. Міндетті сақтандыру заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтандыру объектілеріне Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін мүліктік мүдделер жатады, олар: сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның өмірімен, денсаулығымен, еңбек етуге қабілеттілігімен, зейнетақымен қамсыздандырылуымен байланысты мүдделер (жеке басты сақтандыру), мүлікті иеленумен, пайдаланумен, билеумен байланысты мүдделер (мүлікті сақтандыру), сақтанушының жеке адамға немесе жеке тұлғаның мүлкіне келтірген зиянын өтеумен байланысты мүдделері (жауапкершілікті сақтандыру). Сақтандыру сақтандыру шартымен анықталған, сақтандыру ұйымының жеке активтері есебімен тікелей сақтандыру төлемдерін қалыптастыратын сақтандыру жағдайы немесе басқа жағдайлардың пайда болуындағы заңды және жеке тұлғалардың заңды қызығушылығын мүліктік қорғау жөнінде қатынастар кешенін ұсынады.

Сақтандыру қызметі - Қазақстан Республикасы заң, талаптарына сәйкес мемлекеттің өкілетті органының лицензиясы негізінде қалыптасатын сақтандыру шарттарын орындау және бекітумен байланысты сақтандыру ұйымдарының қызметі.

Сақтандыру жағдайы - сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын жағдай. Сақтандыру жағдайы - табиғи әсер, техногендік сипат және нақты адам әрекеті ретінде өз пайда болу себебін иемденетін жағдай. Сонымен қатар, сақтандыру жағдайы ретіндегі қарастырылатын жағдай кездейсоқтылық және ықтималдық белгілеріне имденуі қажет. Сақтандыру жағдайының түсу ықтималдығының деңгейі шарт жақтарымен өз бетінше бағаланады, сонымен қатар жағдайдың ықтималдылығы болмай қоймайтындыққа жақын болмауы қажет, соңғысы орын алса мұндай жағдай кездейсоқ болмайды. Жағдай орын алудың ықтималдылығы мен кездейсоқтығының талаптары жинақтау сақтандыру шарттары бойынша қарастырылатын фактілерге (оқиғаларға) қолданылмайды (ҚР АҚ 817 бабы, 3 т.).

Сақтандыру жағдайларының түрі заң актілерімен (сақтандыру міндеті болып келген кезде) және шарттарымен (сақтандыру ерікті болып келген кезде) анықталады.

Актуарий — сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылық деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің экономикалық-математикалық есептеулерін жүзеге асыруға байланысты қызметті атқаратын жеке тұлға;

Сатып алу сомасы - жинақтаушы сақтандыру шарты қолдану мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушының алуына құқығы бар ақша сомасы.

Сақтандыру ережелері - белгілі бір сақтандыру түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын сақтандыру ұйымының құжаты.

Қайта сақтандырушы (цедент) - езі қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асыратын сақтандыру немесе қайта сақтандыру ұйымы.

Қайта сақтандыру - сақтандыру шарты бойынша сақтандыру ұйымы қабылдап, кейіннен өздерінің арасында жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандыру ұйымына сақтандыру тәуекелдерінің бәрін немесе бір бөлігін беруге байланысты қызмет және соған байланысты туындайтын қатынастар.

Сақтандыру сыйақысы - сақталдырушының сақтандыру шарты мен аннуитетте анықталған мөлшерде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізудің соңғы міндеттемелерін қабылдау үшін төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандырушыдан алынған сақтандыру сый ақылары сақтанушының меншік құқығына жатады.

Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайының пайда болуындағы жауапкершіліктің, шектеулі келемін ұсынатын ақша сомасы.

Сақтандыру төлемі - жинақтаушы сақтандыру шартында анықталған, сақтандыру жағдайының келіп түсуінде немесе мерзімнің келіп түсуіндегі сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандырушы мен сақтанушыға төленетін ақша сомасы. Сөйтіп сақтандыру төлемі сақтандырушы іс жүзінде төлейтін ақшалай сома болып келеді. Осыдан сақтандыру төлемінің сақтандыру сомасынан айырмашылығы көрінеді.

Сақтандыру шарты - Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлық ақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушы) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

№ 2 лекция. Сақтандыру құқығының нормалары және сақтандыру құқықтық қатынастарының пайда болу, өзгеру және туындау негіздері.

С. С. Алексеев құрылымдар сатысында құқық құрылымындағы басты құрылымды: норма, институт, сала деп бөліп көрсетеді. Ол тұтас түзілімдер ретіндегі бастысының үстінен қабатталып жатқан, құқық құрылымының екі еселенуін, тіпті үш еселенуіне жол береді. Екінші құрылымдардың пайда болуын ол бір басты құрылымның аясындағы құқықтық реттеудің байлығы мен көпқырлы болуымен түсіндіреді.

Заң нормасы барлық құқықтық жүйесінің бастапқы тізбегі болып табылады және салыстырмалы дербестікке ие. Құқық нормасы – бұл мемлекетпен оның өкілетті органдары тұлғасында белгіленген және оның сақталуына, пайдалануы мен қолдануына міндетті, белгілі бір азаматтар, заңды тұлғалар санаттарының тәртіп ережесі.

Бұл түсінікке сілтеме жасай отырып, сақтандыру құқығы нормасын сақтандыру шартының негізгі мақсатына жету үшін, сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы сақтандыру қатынастарын реттейтін, формальды түрде көрсетілген тәртіп ережесі ретінде анықтауға болады. Сақтандыру құқығы нормасының басты белгілері:

1) бұл қатынастар субъектілерінің заңды әрекеті тәртібін анықтайтын, сақтандыру құқықтық қатынастарын анықтау және жүзеге асыруы, өзгерту және тоқтату үшін маңызды мемлекеттік- билік ұйғарымдарын көрсетеді;

2) субъектілер арасындағы сақтандыру құқықтық қатынастарының түрлері мен элементтерінің типтілігін, сонымен қатар олардың қатысушыларының мүдделері, әрекеттері мен байланыстарын бұл қатынастардың қайталанушылығы нәтижесі ретінде көрсетеді және бекітеді;

3) жалпыға міндетті сипатқа ие, яғни, олардың әрекеті таралатын, жеке тұлғаларға, сонымен бірге заңды тұлғаларға да орындау және жүзеге асырылуы үшін міндетті.

Осылайша, сақтандыру құқығы нормасына кеңейтілген анықтама беруге болады, және бұл сақтандыру қатынастары субъектілері үшін жалпыға міндетті, оларға тиісті құқықтарын беру және белгілі бір міндеттерін жүктеу жолымен бұл субъектілердің жігерлі мінез-құлқы мен сезінуі арқылы сақтандыру қатынастарына реттеуші ықпалының мақсатты бағытталуы, немесе қандай да бір ұғымның анықтамасын көрсететін, нысандандырылған мемлекеттік- билік ұйғарымы.

Сонымен, сақтандыру құқығының **нормасы** – бұл сақтандыру құқықтық қатынастар субъектілері үшін жалпыға міндетті, оларға тиісті құқықтарын беру және белгілі бір міндеттерін жүктеу жолымен бұл субъектілердің жігерлі мінез-құлқы мен сезінуі арқылы сақтандыру қатынастарына реттеуші ықпалының мақсатты бағытталуы, немесе қандай да бір ұғымның анықтамасын көрсететін, нысандандырылған мемлекеттік- билік ұйғарымы.

СҚН сыныпталуы түрлі негіздер бойынша жүргізілуі мүмкін:

- 1) құқықтық реттеу функциялары бойынша;
- 2) сақтандыру құқығы мәнінің ерекшеліктері бойынша;
- 3) сақтандыру құқығы әдісінің нақты тәсілдері мен құралдары бойынша;
- 4) норма ұйғарымын көрсету нысаны бойынша.

Құқықтық реттеу функциялары бойынша келесіні бөледі:

- 1) сақтандыру құқығының жалпы нормалары (сақтандыру қатынастарының барлық түрлерін қамтиды; оларға, мысалы, сақтандыру ұғымын, міндетті және ерікті сақтандырудың, сақтандыру тәуекелі және

т.б. анықтайтын, ҚР заңының дефинитивтік нормалары жатады; мұнда мүліктік және жеке сақтандыруды реттейтін нормалары да жатады;

2) арнайы нормалар (сақтандыру құқығының бөлек салаларында, ішкі салаларындағы қатынастарды реттейді. Тек мүліктік сақтандыруды және т.б., жеке сақтандыруды; міндетті сақтандыруды ҚР АҚ реттейді. Азаматтардың, мамандардың белгілі бір санаттарының мүліктік мүдделерін толығымен сақтандыруға арналған, заң нормалары мен құқықтық актілері арнайы болып табылады.

3) нормалар – сақтандыру қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын тәртіп ережелері, сақтандыру шарттарын жасасу және орындау кезінде олардың құқықтарын жүзеге асыру жағдайлары.

Сақтандыру құқығы мәнінің ерекшеліктері бойынша:

1) мүліктік сақтандыру және оның ішкі салаларының қатынастарын басқаратын нормалар;

2) жеке сақтандыру және оны ішкі салаларының нормалары;

3) бұл қатынастардың объектілеріне қатысты сақтандыру қатынастары субъектілерінің құқығы мен міндеттерін және құқықтық реттеу шектерін анықтайтын, материалдық нормалары;

4) процедуралық - ұйымдастыру нормалары (материалдық құқық тәртібі, формалары мен жүзеге асыру әдістерін реттейді);

5) сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптардың қатынастарын реттейтін нормалар;

6) сақтандыру шартын жасасу және оның күшіне енуінен кейін орындау, өзгерту, бұзу немесе күшін жою бойынша қатынастарды анықтайтын нормалар.

№ 3 лекция. Сақтандыру қызметінің ұйымдастырушылық негіздері.

Сақтандыру түрлерін түрлі негіздер бойынша сыныптауға болады. ҚР заңнамасы келесі схеманы ұсынады.

Міндеттілігі дәрежесі бойынша сақтандыру келесідей бөлінеді: а) міндетті; б) ерікті.

Сақтандыру объекті бойынша: а) жеке; б) мүліктік болып бөлінеді. Одан басқа, өзінің заң-техникалық қасиеттері бойынша ол келесідей болуы мүмкін: а) көп мәрте (қосарлы және топтық сақтандыру); б) кешенді (ортақ сақтандыру және қайта сақтандыру).

Міндетті сақтандыру – заңнама талаптарына қарай жүзеге асырылатын сақтандыру. Міндетті сақтандыру түрлері заңнамалық актілерімен бекітіледі (яғни, Парламент актілерімен). Міндетті сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шарттары ҚР заңнамалық актілерімен көзделген шамасында Үкіметпен белгіленеді. Осылайша, міндетті сақтандыруды құқықтық реттеудің екі деңгейлі жүйесі қарастырылған – Парламент белгілі бір түрдегі міндетті сақтандырудың фактісін анықтайды, ал үкімет оны жүзеге асыру процесін талдап тексереді.

Міндетті сақтандыру белгілері:

а) ол заңнамалық актілермен, яғни, Парламент актісімен белгіленеді;

б) міндетті сақтандыру шарттары сақтандырудың осы түрін реттейтін, заңнамамен анықталады.

Сонымен бірге заңнама міндетті сақтандырудың осы түрі белгіленген заңдарды да, бұл сақтандыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі анықталатын, Үкіметтің қаулыларын да қамтиды. Құқықтық актілерінде ескертілмеген, сақтандырудың шарттары сақтандыру шартында тараптармен тікелей анықталады. Сонымен қатар, тараптар шарттағы заңнамада көзделгенімен салыстырғандағы сақтанушының жағдайларын жақсартуға құқылы;

в) сақтанушылардың міндетті сақтандырудан жалтаруы заңмен белгіленген тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мемлекет қандай да бір объектілердің сақтандыру қорғанысы тек бөлек сақтанушы ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның мүдделерімен байланысты болғанда, сақтандырудың міндетті формасын белгілейді. Міндетті сақтандыру тиісті заңнамалық актілердің негізінде жүргізіледі, онда мыналар қарастырылған: сақтандыруға жататын объектілер тізбесі; сақтандыру жауапкершілігінің көлемі; сақтандыруды қамсыздандыру деңгейі (нормалары), сақтандыруға қатысатын тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттері; сақтандыру төлемдерінің тарифтік мөлшерлемелерін анықтау тәртібі мен кейбір басқа да сұрақтар. Бұл мәселенің шешілуін бөлек заңнамалық актімен жеткізе отырып, міндетті сақтандыру түрлерін «Сақтандыру қызметі туралы» заңымен де, Азаматтық кодексімен (ерекше бөлімі) де белгілемейді. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 38-р өкімімен сақтандырудың міндетті түрлерінің оңтайлы тізбесі бекітілді: - Міндетті

элеуметтік сақтандыру; - Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы; - Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; - Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру; - Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; - аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; - Турагенттер мен тuroператорлардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; - Жұмыскерлердің еңбек қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру; - Экологиялық міндетті сақтандыру; - Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты, объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; - Медициналық міндетті сақтандыру. Қазіргі кезде медициналық сақтандырудан басқа, аталған барлық сақтандыру түрлері бар. Одан басқа: - Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандыру, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторлық-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары; - мұнай операцияларын міндетті сақтандыру (әрекеті тоқтатылды) бар. Ерікті сақтандыру – тараптардың еркін білдіру себебінен жүзеге асырылатын сақтандыру. Тараптар арасында ерікті сақтандыру шартын жасасу кезінде жиі сақтандыру брокері немесе сақтандыру агенті түріндегі делдал қатысады. Сақтандыру шарты сақтандыру полисімен куәландырылады.

Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен анықталады. Ерікті сақтандыру «өмірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыруға» бөлінеді («Сақтандыру қызметі туралы» Заңының 6 бабы). «Өмірді сақтандыру» саласы сақтандырудың ерікті нысанындағы келесі кластарды қамтиды: 1) өмірді сақтандыру; 2) аннуитеттік сақтандыру; 3) өмірдегі белгілі бір оқиғаның басталуына қарай сақтандыру; 4) сақтандырушының инвестициялық табысында сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру. «Жалпы сақтандыру» саласы сақтандырудың ерікті нысанындағы келесі класстарды қамтиды: 1) жазатайым жағдайлардан сақтандыру; 2) аурулардан сақтандыру; 3) автомобиль көлігін сақтандыру; 4) темір жол көлігін сақтандыру; 5) әуе көлігін сақтандыру; 6) су көлігін сақтандыру; 7) жүктерді сақтандыру; 8) 3)-7); 9) тармақтарда көрсетілген кластарды қоспағанда, келтірген зиян үшін мүлікті сақтандыру; автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; 10) әуе көлігі иелерінің - азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; 11) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; 12) 9)-11) тармақтарда көрсетілген кластарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, 13) қарыздарды сақтандыру; 14) ипотекалық сақтандыру; 15) кепілдікті және кепілдемелерді сақтандыру; 16) өзге қаржылық шығыстардан сақтандыру; 17) сот шығыстарын сақтандыру. Сақтандыру объекті бойынша ол жеке және мүліктік болып бөлінеді. Мүліктік сақтандыру кезінде сақтандыру объекті болып мүлік және онымен байланысты мүдделер шығады. Мүлікті сақтандыру кезіндегі ең әдеттегі тәуекелдер болып шығатындары: а) мүліктің физикалық объект ретінде жойылуы; б) өз иесі меншігінен шығару нәтижесіндегі мүлікті жоғалту. Мүліктік өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру мен азаматтық құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға бөлінеді. Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру кезінде сақтанушы болып шығатын, кәсіпкердің контрагенттерімен өз міндеттемелерін бұзу салдарынан кәсіпкерлік әрекеттен күтілетін табыстарды алу тәуекелі немесе кәсіпкерге тәуелді емес жағдайлар бойынша бұл әрекеті шарттарының өзгеруінен сақтандырылады, Осылайша, кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыруға табысты алмау тәуекелі, жұмысында тоқтау салдарынан шығындардың пайда болу тәуекелі, кредиттерді өтемеу тәуекелі, биржалық, валюталық және инфляциялық тәуекелдері және т.б. жатқызылуы мүмкін. Азаматтық құқықтық жауапкершілікті сақтандыру кезінде басқа тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындайтын, міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі сақтандырылады, сонымен қатар, шарттардан немесе басқа негіздерден туындайтын жауапкершілікке. Демек, сақтандыру объекті сақтанушы жауапкершілігінің екі түрінен шығатын тәуекелдер болуы мүмкін: а) өз міндеттемелерін тиісті орындамауынан (негізінен шарттағы); б) үшінші тұлғаларға зиян келтіруден (шарттан тыс немесе шетін жауапкершілік). Жеке сақтандыруға өмір, денсаулық, еңбекке қабілеттілігі және азаматтың тұлғасына байланысты басқа мүдделерін сақтандыру жатады. Жеке сақтандыру міндетті, сонымен қатар ерікті де болуы мүмкін. Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру объекті тараптар келісімі бойынша белгіленеді, міндетті түрлері бойынша сақтандырудың бұл түрін реттейтін, заңнамамен анықталады.

№ 4 лекция. Сақтандыру нарығы. Сақтандыру қатынастарының қатысушылары.

1. Сақтандыру брокерінің қызметі ерекше қызмет түрі болып табылады және уәкілетті органның лицензиялауына жатады.

Сақтандыру брокерінің сақтандыру агенті қызметін жүзеге асыруына тыйым салынады.

2. Сақтандыру брокері мынадай брокерлік қызмет түрлерін:

1) өз атынан және сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын немесе өз атынан және цеденттің тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) мәселелері бойынша консультация беру қызметін;

3) сақтандыруға (қайта сақтандыруға) жеке және заңды тұлғаларды іздеу мен тартуды;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары көрсететін қызметтерге және қаржылық жағдайына салыстырма талдау жасауды;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары көрсететін қызметтерге салыстырма талдау жасау мақсатында сақтандыру объектілері туралы ақпарат жинауды;

6) клиенттердің тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын, сақтандырушыларды (қайта сақтандырушыларды) таңдау өлшемдерін әзірлеу, сақтандыру тәуекелдерін анықтау жөніндегі сараптамалық қызметтер көрсетуді;

7) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасуға қажетті құжаттарды дайындау және (немесе) ресімдеуді, сақтандыру мәселелері бойынша ақпарат жинауды;

8) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын ресімдеуді;

9) сақтанушымен (цедентпен) тиісті келісім болғанда, оларды кейіннен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына аудару үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтанушылардан (цеденттерден) сақтандыру сыйлықақыларын жинауды;

10) клиенттердің тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) немесе ортақ сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру тәуекелдерін орналастыруды;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, сақтандыру жағдайы басталғанда шағымдарды қарау кезіндегі құжаттардың, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға байланысты басқа да құжаттардың дұрыс және уақтылы ресімделуін қамтамасыз етуді;

12) консультация өткізуді және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (цеденттің), пайда алушының сақтандыру төлемін алуына жәрдемдесуді;

13) берілген өкілеттіктерге сәйкес сақтандыру төлемін алуға қажетті құжаттарды ресімдеуді;

14) сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан сақтандыру төлемдерін оларды кейіннен сақтанушыға (цедентке), пайда алушыға беру үшін жинауды;

15) мүдделі тұлғалардың тапсырмасы бойынша сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығынды қарау және реттеу жөніндегі құжаттар дайындауды;

16) залалды бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау жөніндегі сарапшылар қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

3. Сақтандыру брокері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының тарапы болып табылмайды.

4. Сақтандыру брокерінің негізгі құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі сақтандыру брокері қызметін жүзеге асырудың ішкі ережелерінде айқындалуға тиіс.

5. Сақтандыру брокеріне ол осы баптың 2-тармағында аталған брокерлік қызметті сақтанушының (цеденттің) мүддесінде жүзеге асырғаны үшін кез келген сыйақыны тек қана сақтанушы (цедент)

төлеуге тиіс.

6. Егер сақтандыру брокері және (немесе) оның үлестес тұлғасы бір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асырған жағдайда сақтандыру брокеріне және (немесе) оның үлестес тұлғасына сыйақыны сақтанушы төлейді.

Сақтандыру агентінің құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандыру агенті өз қызметінде:

1) осы Заңның 18 және 18-1-баптарында көзделген шектеулерді ескере отырып, бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және оның тапсырмасы бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыруға;

2) сақтандыру ұйымынан лицензиясының бар екендігі және қаржылық есептілік деректері туралы дұрыс ақпарат алуға;

3) сақтандыру бойынша консультативтік қызметті жүзеге асыруға;

4) өзінің делдалдық қызметін қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырғаны үшін сақтандыру ұйымынан сыйақы алуға құқылы.

2. Сақтандыру агенті өз қызметінде:

1) сақтанушыға тапсырма шартын, сондай-ақ:

оның жеке басын куәландыратын;

сақтандыру агенттерінің тізілімінде оның деректерінің бар екендігін растайтын құжаттарды көрсетуге;

2) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған сақтандыру ұйымы лицензиясының көшірмесін қоса алғанда, өзі сақтандыру агенті болып табылатын сақтандыру ұйымы туралы ақпарат беруге;

3) жасасатын сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қағидаларымен сақтанушыны таныстыруға және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 828-бабында көзделген жағдайларда қағидалардың көшірмесін беруге;

4) ақпарат және, бар болса, - жасасатын сақтандыру шарты бойынша барлық қажетті құжаттарды беруге;

5) сақтандыру шартын жасасу кезінде құжаттарды дұрыс және уақтылы ресімдеуді қамтамасыз етуге;

6) делдалдық қызметті жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттың жабықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

Актуарийлік қызмет

1. Актуарийлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензиясы бар жеке адам актуарий болуға құқылы.

2. Актуарийлік қызмет осы Заңға және уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ актуарийлік қызметті жүзеге асырудың халықаралық принциптері (стандарттары) ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

3. Актуарийлік есептеулер мынадай негіздер бойынша:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша - бастамашылық актуарийлік есептеулер;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда - міндетті актуарийлік есептеулер жүргізіледі.

4. Актуарийлік есептеулер жүргізу кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндетті актуарийлік есептеулер мен қорытындыларды жасау және дайындау үшін қажетті, актуарий талап еткен қолда бар құжаттар мен мәліметтердің бәрін беруге міндетті.

5. Актуарий өзі жасаған актуарийлік есептеулер мен қорытындылардың дұрыстығы мен дәлдігіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауап береді.

6. Актуарий, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтамағандығы туралы өзі анықтаған фактілерді уәкілетті мемлекеттік органға дереу хабарлауға міндетті.

7. Тәуелсіз актуарий сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептердің дұрыстығын тексеру нәтижесін уәкілетті органның нормативтік құқықтық

актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде уәкілетті органға жібереді.

Аудит

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқығы бар аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдар, сондай-ақ сақтандыру тобына кіретін ұйымдар өз қызметінің аудитін қатарынан жеті жылдан астам - бір аудиторлық ұйымда не қатарынан бес жылдан астам - аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторда жүргізуге құқылы емес.

Осы тармақтың талабы банк конгломератының құрамына кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қолданылмайды.

3. Сақтандыру тобына бас ұйым және Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын оның еншілес ұйымдары ретінде кіретін ұйымдардың аудитін белгілі бір аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Сақтандыру тобының құрамына кіретін бас ұйымның және Қазақстан Республикасының резиденттері емес оның еншілес ұйымдарының аудитін, осындай аудит жүргізу олар резидент болып табылатын ел заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін жағдайларда, белгілі бір аудиторлық ұйым жүзеге асыруға тиіс.

4. Аудиторлық ұйым сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аудитін тәуелсіз актуарийді тарту арқылы жүргізуге құқылы.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының құрамына кіретін басқа да заңды тұлғалардың қаржылық есептілігінің аудиторлық есебі коммерциялық құпияны құрамайды.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз құрылымында қызметі лицензиялауға жатпайтын ішкі аудит қызметі (аудитор) болуы міндетті.

7. Ішкі аудит жүргізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті ішкі құжаттарында айқындалады.

8. Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру холдингтері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдар, сақтандыру брокерлері үшін міндетті. Аудиторлық ұйымның жүргізілген аудит туралы есебі мен ұсынымдарының көшірмелерін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру холдингтері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдар мен аудиторлық ұйымдар осы құжаттарды алған күннен бастап немесе оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, сақтандыру холдингтеріне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдарға берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға табыс етуге тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы аудиторлық есептің көшірмесін алғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталында қомақты қатысуы бар басқа заңды тұлғаға табыс етуге міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру холдингінің шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін аудиторлық ұйым растауға тиіс.

9. Өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын, Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингі аудиторлық есептің көшірмесін және аудиторлық ұйымның ұсынымдарын өзі осы құжаттарды қазақ немесе орыс тілдерінде алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға табыс етеді.

Өзі орналасқан елде шоғырландырылған қадағалауға жататын Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру холдингінің шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін өзі орналасқан елдегі қаржы ұйымдарына аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйым растауға тиіс.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйым аудиторлық есепте көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайына әсер ететін бұзушылықтарды аталған тұлғалар аудиторлық есепті алған күннен бастап үш ай ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар жойылғанға дейін:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты осы Заңның 54-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лицензиясының қолданысын тоқтата тұруға;

сақтандыру холдингіне, сақтандыру холдингінің құрамына кіретін ұйымға қатысты осы Заңның 53-1-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Осы есепті алған күннен бастап бір жыл ішінде бұзушылықтар жойылмаған жағдайда уәкілетті орган:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты - осы Заңның 55-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын лицензиядан айыруға;

сақтандыру холдингіне қатысты - осы Заңның 53-1-бабының 3-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

№ 5 лекция. Сақтандыру ұйымдарының құқықтық жағдайы.

Сақтандыру нарығы

Қайнар көздер:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәірдегі N 122 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4731 болып енгізілді.

2. Актуарлық қызметті жүзеге асыру, актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, актуарийдің біліктілік емтиханын тапсыру, актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 151 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 2 қыркүйекте № 9718 тіркелді

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 85 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 24 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4204

4. Өзара сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі N 163 Заңы

5. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан оны міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды және ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 28 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 9 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6156 болып енгізілді

Сақтандыру нарығының мәні – адамдардың, шаруашылық құрылымдардың, кәсіпкерлік және коммерциялық ұйымдардың, өндірістік кәсіпорындардың әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан сақтық қорғауға деген қажеттіліктерін қанағаттандырудан көрінеді.

Сақтандыру – сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын, сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиға басталған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешенін білдіреді.

Сақтандыру қызметі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы зандарының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметі, сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасасуға және

орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі.

Осы түсініктердің (анықтамалардың) талдауы негізінде авторлардың барлығы келесідей көзқарасқа ие болған деген қорытынды жасай аламыз: “Сақтандыру нарығы – бұл “сақтандыру қызметі” деген айрықша тауарды сату-сатып алумен байланысты экономикалық –құқықтық қатынастардың жиынтығы”.

Осылайша, сақтандыру нарығы қарамағында аясында бір жағынан, уақытша бос сақтандыру қорларының қаражаттары болады, ал екінші жағынан, сақтандыру нарығының оларды жоғары табыс әкелетін және салынған қаражаттардың тез қайтарылуын қамтамасыз ететін қызмет сфераларына салуға мүмкіндігі болады.

Сәйкесінше “сақтандыру нарығы” түсінігі оның мәні есебінен ашылады.

Сақтандыру нарығының мәні “сақтандыру қызметі” және “сақтандыру тәуекелі” категорияларын қарастыру кезінде анықталады. Осы жерде “... нарық пен сақтандыру тәуекелі өзара байланысты”. Бір жағынан, нарық сақтандыру тәуекеліне әсер етеді, екінші жағынан – қалыптасқан жағдайға байланысты сақтандырудың тәсілі мен шарттары дайындалады.

Сақтандыру қызметін реттейтін заңнамаға сай сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы талаптары мынадай:

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметті) жүзеге асыру құқығына лицензиясы, сақтандыруды белгілі бір түрі бойынша жүзеге асырудың жалпы талапта-

рын айқындайтын сақтандыру қағидалары және ішкі қағидалары болғанда ғана сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы.

1-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржы өнімдерін ұсыну үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен уәкілетті органның алдын ала келісімін алуға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз татында актуарийі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз штатында актуарийі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

Тәуелсіз актуарий ретінде тартылатын жағдайларды қоспағанда, актуарий өз қызметін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында қоса атқаруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің осы Заңда белгіленген қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тартады.

Осы тармақтың талаптары аудиторлық ұйым міндетті аудит жүргізген кезде тәуелсіз актуарийді тартқан жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қолданылмайды.

Тәуелсіз актуарий мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

- 1) тексерілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері болмауы;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметін жүзеге асыратын сақтандыру саласында кемінде екі жыл актуарийлік қызмет тәжірибесінің болуы;
- 3) уәкілетті органның актуарийлік қызметке арналған лицензиясы болуы немесе тізбесі мен талаптарын уәкілетті орган белгілейтін актуарийлердің халықаралық қауымдастығының мүшесі болуы.

Өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Исламдық сақтандыру ұйымын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, өзінің сақтанушыларына сатып алу сомасы шегінде қарыз беруге құқылы.

2. Сақтандыру ұйымы аннуитеттік сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде актуарийдің қорытындысы негізінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен тұрақты сақтандыру төлемінің мөлшерін ұлғайтуға құқылы.

4. Сақтандыру ұйымы сақтанушы инвестицияларға қатысқан, сондай-ақ сақтандырушының пайдасы жағдайында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін осы Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген сақтандыру сыныптары шеңберінде сақтандыру түрлерін әзірлеуге құқылы.

5. Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу тәртібі мен ерекшеліктері, сондай-ақ сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтанушының инвестицияларға қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру ұйымы ішкі резервтік қордың орнын толтыратын активтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және жағдайларда инвестициялық портфельді басқаратын инвестициялық басқармаға беруге міндетті.

Ішкі резервтік қордың активтерін есепке алуды және сақтауды инвестициялық портфельді басқарушымен жасалған кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан жүзеге асырады.

Ішкі резервтік қордың қаражатын осы Заңда көзделмеген мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысумен байланысты төлемдерді есепке жазу - аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

6. Жинақталған сомаларды есепке ала отырып, сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысуына байланысты төлемдерді жүзеге асыру:

1) сақтандыру төлемі құрамында сақтандыру жағдайы басталған;

2) сақтандыру төлемі құрамында жинақтаушы сақтандыру мерзімі аяқталған;

3) сатып алу сомасы құрамындағы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайларда жүргізіледі.

Сақтанушының акционерлермен (жалғыз акционермен) және (немесе) сақтандыру ұйымының аффилирленген тұлғаларымен сақтандырушының пайдасына қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартын жасасуға жол берілмейді.

Ортақ сақтандыру жөніндегі қызмет

1. Сақтандыру пулын жасау арқылы тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыру кезінде ортақ сақтандыру шарты жетекші сақтандыру ұйымының функциялары мен өкілеттіктерін өзіне қабылдайтын сақтандыру ұйымының талаптары негізінде жасалады.

2. Лицензиясында тиісті сақтандыру сыныбы көрсетілмеген сақтандыру ұйымының ортақ сақтандыру ісіне қатысуына тыйым салынады.

Лицензиясыз қызметке тыйым салу

1. Уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы жоқ бірде-бір тұлғаның:

1) өз атынан сақтандыру, қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға, негізгі немесе Қосымша қызмет түрі ретінде сақтандыру брокерінің, актуарийдің қызметін көрсетуге;

2) өзінің атауында, құжаттарда, хабарландырулар мен жарнамада "сақтандыру", "қайта сақтандыру", "сақтандыру ұйымы", "қайта сақтандыру ұйымы", "сақтандыру брокері" деген сөздерді немесе оның өз атынан сақтандыру немесе қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асыруды білдіретін не сақтандыру брокері, актуарий ретінде көрінетін туынды сөздерді (сөз тіркестерін) кез келген тілде пайдалануға құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның лицензиясынсыз сақтандыру қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Шекарааралық сақтандыру (қайта сақтандыру)

1. Сақтандыру ұйымының басқа мемлекеттің аумағында сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты сақтандыру трансшекарааралық сақтандыру болып табылады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзі қайта сақтандыруға қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін беруі пруденциялық нормативтерді есептеу тәртібіне қойылатын талаптар ескеріліп жүзеге асырылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-

құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының атынан сақтандыру шартын жасасу жөніндегі делдалдық қызметке жол берілмейді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының атынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті тиісті сақтандыру сыныбы көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру ұйымдары және аталған Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымымен жасалған тиісті шарты болған жағдайда Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру брокерлері жүзеге асыра алады.

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларына жеңілдікті жағдайлар жасауына тыйым салынады.

2. Жеңілдікті жағдайлар жасау:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғасымен мәмілеге келуді немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің табиғаты, мақсаты, ерекшеліктері мен тәуекелі бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын клиенттермен оның мүддесі үшін мәмілеге келмеуін;

2) сақтандыру тарифін төмендетіп қолдануды не басқа сақтанушыларға қарағанда жоғары сақтандыру төлемін жүзеге асыруды білдіреді.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғасымен мәміле осы баптың 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларына берілген (орналастырылған) активтерге қатысты талап құқықтарынан бас тарту кейіннен акционерлердің жалпы жиналысын хабардар ету арқылы жүзеге асырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және:

өзі;

өзінің кез келген жақын туыстарының бірі немесе оның жұбайы (зайыбы);

өзі немесе жақын туыстарының бірі, оның жұбайы (зайыбы) лауазымды адамы немесе ірі қатысушысы болып табылатын кез келген заңды тұлға арасындағы кез келген мәмілені қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатыспауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғасы арасындағы кез келген мәміле бойынша директорлар кеңесінің шешімі оның барлық шарттарын директорлар кеңесі қарағаннан кейін ғана қабылдануы мүмкін.

4-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының орналастырылған (артықшылықты және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларының жиырма бес немесе одан көп пайызын иеленетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы – жеке тұлға немесе сақтандыру холдингі осы Заңның 26-бабында белгіленген тиісті мәртебені алу шеңберінде ұсынған бизнес-жоспарды қарайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының (сақтандыру холдингінің) бизнес-жоспарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының даму стратегиясына (даму жоспарына) енгізу не енгізбеу туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының (сақтандыру холдингінің) бизнес-жоспарын қарау нәтижелері туралы хабарлауға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының даму стратегиясының (даму жоспарының) сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғаларымен жасалатын барлық мәмілелер туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген нысандар бойынша беруге міндетті.

6. Осы баптың талаптары:

1) мынадай шарттардың бірі:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингінің, сондай-ақ сақтандыру холдингінде, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлғада шыққан елдің қаржылық қадағалау органының аталған Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуы;

уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісімнің, сондай-ақ рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингінің болуы орындалған кезде сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместерін қоспағанда, сақтандыру холдингтеріне қолданылады. Ең төменгі рейтинг пен рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді;

2) банк конгломераттарының құрамына кіретін банк холдингтері болып табылатын сақтандыру холдингтерін қоспағанда, сақтандыру холдингтеріне қолданылады.

Сақтандыру ұйымына сақтанушыларға ақпарат беру жөнінде қойылатын талаптар

1. Тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері өзгерген, атауы өзгерген жағдайда сақтандыру ұйымы бұл жөнінде өзінің сақтанушыларына республикалық екі газетте хабарландыру жариялау арқылы бір айдан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Өзінің оқшауланған бөлімшесінің орналасқан жері өзгерген жағдайда сақтандыру ұйымы бұл жөнінде өзінің сақтанушыларына тиісті екі облыстық газетте хабарландыру жариялау арқылы бір айдан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

2. Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның тиісті түрде куәландырылған көшірмесін оны көріп, танысуға болатын жерге орналастыруға міндетті.

2-1. Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін сақтандыру сыныптары бойынша және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес сақтандыру тарифтерінің мөлшері туралы ақпаратты интернет-ресурста немесе клиенттердің көруі үшін қолжетімді жерде орналастыруға және жаңартылған күйде ұстауға міндетті.

3. Сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушының сақтандыру ұйымынан оның қызметінің пайдалары мен шығындары туралы бухгалтерлік баланс пен есептен тұратын жылдық қаржы есебін және аудиторлық ұйым куәландырған аудиторлық есепті, сондай-ақ сақтандыру құпиясын, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрамайтын өзге де ақпаратты сұратып алуға құқығы бар.

4. Сақтанушы исламдық сақтандыру шартын жасасқан кезде исламдық сақтандыру ұйымынан сақтандыру қағидаларының осы Заңның 6-1-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын, исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің қорытындысын сұратуға құқылы.

Сақтандыру брокерін құру

1. Сақтандыру брокерінің ұйымдық-құқықтық нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік не акционерлік қоғам болып табылады.

2. Сақтандыру брокерінің атауы "сақтандыру брокері" деген сөздерден немесе осы сөздерден туындайтын сөздерден құралуға тиіс.

3. Сақтандыру брокеріне өз атауында "ұлттық", "орталық", "бюджеттік", "республикалық" деген сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

4. Бұрын құрылған сақтандыру брокерлерінің, соның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерлерінің атауларымен аралас дәрежеге дейінгі бірегей немесе ұқсас белгілерді атауы ретінде пайдалануға жол берілмейді. Осы тыйым салу еншілес сақтандыру брокері өзінің бас ұйымының атауын пайдаланған жағдайда қолданылмайды.

5. Сақтандыру брокерін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Сақтандыру брокерінің құрылтайшыларына қойылатын талаптар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе оның қызметкерлерінің сақтандыру брокерін құруына немесе оның қызметіне қатысуына тыйым салынады.

2. Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары мен қызметкерлеріне бір мезгілде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қызмет атқаруға болмайды.

Сақтандыру брокерінің жарғылық капиталын қалыптастыру

Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары, қатысушылары не акционерлері сатып алынатын қатысу үлестерін не акцияларды ұлттық валютадағы ақшамен ғана төлеуге міндетті.

Құрылатын сақтандыру брокерінің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін толық төлеуге тиіс.

Жарғылық капиталдың ең аз мөлшеріне және сақтандыру брокері қызметінің өзге де шарттарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

№ 6 лекция. Уәкілетті мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайы.

Сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі

1. Сақтандыру – сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын, сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиға басталған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешенін білдіреді.

2. Сақтандыру қызметі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметі, сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі.

3. Исламдық сақтандыру қызметі исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты қызметі болып табылады.

Шетелдік жеке және заңды тұлғалар мен

азаматтығы жоқ адамдарды сақтандыру

1. Шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, оның ішінде өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратындар сақтандыру арқылы қорғалу құқығын Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен бірдей пайдаланады.

Қазақстан Республикасының резиденттері емес

сақтандыру ұйымдарының сақтандыруы

1. Заңды тұлғаның немесе оның оқшауланған бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мүліктік мүдделерін және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлғаның мүліктік мүдделерін сақтандыруды тек сақтандыру ұйымы - Қазақстан Республикасының резиденті ғана жүзеге асыра алады.

2. Қазақстан Республикасының резиденттері емес сақтандыру ұйымдарымен, жұмыс істеу, оқу, емделу немесе демалу мақсатында Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерде уақытша болатын жеке тұлғалармен - Қазақстан Республикасының резиденттерімен осы тұлғалардың тек Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерде уақытша болу кезеңіне ғана сақтандыру шарттарын жасасуға және оларды орындауға жол беріледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға:

1) жеке және заңды тұлғалардан - Қазақстан Республикасының резиденттерінен Қазақстан Республикасының резиденті еместердің пайдасына сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) төлеуге;

2) жеке және заңды тұлғалардың - Қазақстан Республикасының резиденттерінің пайдасына сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан Республикасының резиденті еместерден алынатын

сақтандыру төлемдерін жүзеге асырумен байланысты төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға тыйым салынады.

Сақтандыру рыногының қатысушылары

Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының қатысушылары:

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;
- 2) сақтандыру брокері;
- 3) сақтандыру агенті;
- 4) сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;
- 5) актуарий; 6) тәуелсіз актуарий;
- 7) тәуелсіз бағалаушы;
- 8) андеррайтер;
- 9) аджастер;
- 10) сюрвейер;
- 11) сақтандыру омбудсманы;
- 12) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігі;
- 13) актуарийлер бірлестігі;
- 14) сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды

тұлғалар болып табылады.

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сақтандыру салалары, сыныптары және түрлері

1. Сақтандыру қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін сақтандыру салаларға, сыныптар мен түрлерге бөлінеді. Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметі "өмірді сақтандыру" саласы және "жалпы сақтандыру" саласы бойынша жүзеге асырылады.

2. "Өмірді сақтандыру" саласы ерікті сақтандыру нысанында мынадай сыныптарды қамтиды:

- 1) өмірді сақтандыру;
- 2) аннуитеттік сақтандыру;
3. "Жалпы сақтандыру" саласы ерікті сақтандыру нысанында мынадай сыныптарды қамтиды:

1) жазатайым жағдайлардан сақтандыру;

2) ауырған жағдайдан сақтандыру;

3) автомобиль көлігін сақтандыру;

4) темір жол көлігін сақтандыру;

5) әуе көлігін сақтандыру;

6) су көлігін сақтандыру;

7) жүктерді сақтандыру;

8) осы тармақтың 3)-7) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, мүлікті залалдан

сақтандыру;

9) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

10) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

11) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

12) осы тармақтың 9)-11) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық

жауапкершілікті сақтандыру;

13) заемдарды сақтандыру;

14) ипотеканы сақтандыру;

15) кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру;

15-1) осы тармақтың 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда,

қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру;

16) басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру;

17) сот шығыстарынан сақтандыру;

18) титулдық сақтандыру.

4. Ерікті сақтандыру нысанындағы сақтандырудың жекелеген сыныбын (түрін) жүргізу жағдайлары бойынша қосымша талаптар, оның ішінде сақтандырудың жекелеген сыныптары (түрлері) шеңберіндегі пруденциалдық нормативтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық

актілерімен белгіленеді.

5. Сақтандыру түрі, сақтандыру ұйымы сақтанушыға сақтандыру шартын жасау арқылы сақтандырудың бір немесе бірнеше сыныбы шегінде әзірлейтін және беретін сақтандыру өнімі болып табылады.

6. Мазмұны мен талаптары Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін заңнамалық актісімен айқындалатын міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың жекелеген сыныбы болып табылады.

Сақтандыру сыныптарының мазмұны

1. Өмірді сақтандыру сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі біткенге дейін не сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

2. Аннуитеттік сақтандыру сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткен, еңбек ету қабілетін (жасына байланысты, мүгедектігіне байланысты, науқастығына байланысты) жоғалтқан, асыраушысы қайтыс болған, жұмыссыз қалған жағдайларда немесе сақтандырылушының жеке табыстарының кемуіне немесе одан айрылуына әкеліп соққан өзге де жағдайларда зейнетақы немесе рента түрінде шартта белгіленген мерзім ішінде немесе өмір бойы кезең-кезеңімен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша кезең-кезеңімен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жағдайы сақтандыру төлемдерінің мөлшерін айқындаумен, нақтылаумен және растаумен байланысты емес.

3. Жазатайым жағдайдан сақтандыру, осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында аталған сақтандыру тәуекелдерін қоспағанда, сақтандырылушы жазатайым жағдайдың, кәсіби аурудың салдарынан қайтыс болған, еңбек ету (жалпы немесе кәсіптік жағынан) қабілетін (толық немесе ішінара) жоғалтқан немесе сақтандырылушының денсаулығына өзге де зиян келтірілген жағдайларда оның шығыстарын тіркелген сомада және (немесе) ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Жазатайым жағдай дегеніміз - адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, сақтандырылушының организмне сырттан оның денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не өліміне әкеліп соққан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі салдарынан кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай).

4. Ауырған жағдайдан сақтандыру осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында аталған сақтандыру сыныптарын қоспағанда, сақтандырылушының ауруына және денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты оның шығыстарын тіркелген сомада және (немесе) ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

5. Осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 3)-6) тармақшаларында тізбеленген көлік құралдарын сақтандыру көлік құралын иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғалардың мүліктік мүдделеріне айдап әкетуді немесе ұрлауды қоса алғанда, сондай-ақ оның зақымдануы немесе жойылуы салдарынан келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

6. Жүктерді сақтандыру жүкті, оның ішінде багажды, тауарларды және өнімнің басқа да барлық түрлерін қоса алғанда, иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне тасымалдау әдісіне қарамастан, оның зақымдануы, жойылуы, жоғалып кетуі салдарынан келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

7. Мүлікті сақтандыру мүлікті иеленуге, пайдалануға, оған билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 3)-7) тармақшаларында тізбеленген мүлікті қоспағанда, оның зақымдануы немесе жойылуы, ұрлануы салдарынан келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

8. Осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында көзделген көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру тасымалдаушының азаматтық-құқықтық

жауапкершілігін қоса алғанда, үшінші тұлғаларға өзі көлік құралын пайдалануға байланысты келтірген залалды өтеу міндетіне байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

9. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 9)-11) тармақшаларында аталғандарды қоспағанда, барлық тәуекелдерді сақтандыру салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу міндетіне байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

10. Заемдарды сақтандыру сақтанушының, (заемшының) кредитор алдындағы міндеттемелерін орындамауы салдарынан кредиторға шығын келтірілуі кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

11. Ипотекалық сақтандыру ипотекалық тұрғын үй заемы бойынша кепілдік мүлік болып табылатын тұрғын үйдің нарықтық құны төмендеген жағдайда заемшының ипотекалық тұрғын үй заемы шарты бойынша міндеттемелерді орындамауы салдарынан кредитордың мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрі болып табылады.

12. Кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру берілген кепілдіктер мен кепілдемелерді орындау міндеті салдарынан кепілдік немесе кепілдеме берген тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

13. Басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 12)-15) тармақшаларында аталған сақтандыру тәуекелдерін қоспағанда, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде жұмыстан айырылу, кірісті жоғалту, қолайсыз табиғи құбылыстар, үздіксіз, болжанбаған шығыстар, нарықтық құнын жоғалту және басқа да шығындар салдарынан шығын келтірілу кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

14. Сот шығыстарын сақтандыру сақтанушының (сақтандырылушының) соттың істі қарауына байланысты олардың көтерген шығыстары салдарынан шығындануы кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

15. Осы баптың 11-13-тармақтарында аталған тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша сақтанушының өзінің ғана тәуекелі және оның пайдасына ғана шешілетін тәуекел сақтандырылуы мүмкін.

16. Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру, осы Заңның 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының қаржылық қызметтер көрсетуі нәтижесіндегі шығындарды ішінара немесе толық өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

17. Титулдық сақтандыру мүлікке меншік құқығын тоқтатқан жағдайда, сақтанушының мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды ішінара немесе толық өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

№ 7 лекция. Сақтандыру қатынастарын мемлекеттік реттеу органдарының жүйесі.

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және оларға қатысты шоғырландырылған негізде қадағалау жүзеге асырылатын тұлғалардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын бақылау және қадағалау уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтердің және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуын немесе сақталуын бақылау мен қадағалау арқылы жүргізіледі.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциялық нормативтер:

- жарғылық капиталдың ең төмен мөлшерін;

- төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін;

(**Маржа́** (англ. *Margin* от фр. *Marge* — разница; преимущество) — термин, применяемый в торговой, биржевой, страховой и банковской практике для обозначения разницы между ценами товаров, курсами ценных бумаг, процентными ставками и другими показателями)

- өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін;
- активтерді әртараптандыру нормативтерін қамтиды.

Сақтандыру топтарына арналған пруденциялық норматив төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативі болып табылады.

Уәкілетті орган қосымша пруденциялық нормативтер, оның ішінде аннуитеттік сақтандыру бойынша сақтандыру резервтерінің орнын толтыратын активтерді инвестициялау бойынша қосымша нормативтер белгілеуге құқылы.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және (немесе) сақтандыру холдингтерін не олардың лауазымды тұлғаларын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ірі қатысушыларды немесе сақтандыру холдингтерін жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолданады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген төлем қабілеттігі маржасының жеткіліктілік нормативтерін бұзған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі уәкілетті органға қайта капиталдандыру жоспарын жіберуге тиіс. Бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралардың толық сипаттамасы мен мерзімдері бар жоспар төлем қабілеттігі маржасының жеткіліктілік нормативін бұзған күннен бастап бір ай ішінде берілуге тиіс.

4. Сақтандыру холдингтері, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушылар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобының төлем қабілеттігі маржасының жеткіліктілік нормативтерін сақтау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушы, оның ішінде уәкілетті органның талап етуі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық жағдайын жақсарту жөнінде, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру тобының меншікті капиталын ұлғайту жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

5. Төлем қабілеттігі маржасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерінен активтердің асып түсуін білдіреді.

6. Кепілдік қоры сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттігін қамтамасыз ету мақсатында төлем қабілеттігі маржасының белгіленген ең аз мөлшерден төмендеуі нәтижесінде құрылады.

7. Сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасымен (үлестес тұлғаларымен) жасалған шарты (шарттары) бойынша, сондай-ақ сақтандырудың және қайта сақтандырудың жекелеген сыныбы (түрі) бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының мөлшерін есептеуге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

8. Уәкілетті орган ипотекалық сақтандыру және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттігі маржасының ең аз деңгейіне, сондай-ақ ипотекалық сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін сақтандыру резервтерін есептеу тәртібін қойылатын қосымша талаптар белгілеуге құқылы.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржылық есептілікке кірмейтін туынды қаржы құралдарының болуы және оларды пайдалануды шектеу туралы мәліметтерді уәкілетті органға береді.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері

және оларды есептеу әдістемелері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

10-1. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының осы Заңда көзделген исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру ерекшеліктері ескеріле отырып белгіленеді.

11. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобына қатысушы уәкілетті органның жазбаша нұсқамасында көрсетілген, қаржылық және (немесе) өзге де есептіліктегі деректерді түзету жөніндегі талаптарын орындамаған кезде пруденциялық нормативтерді және басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуді уәкілетті орган өзі түзеткен есептілік негізінде жүзеге асырады.

№ 8 лекция. Сақтандыру қатынастарын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметінің жүйесін жетілдіру мәселелері

Сақтандыру нарығының ерекше белгісі болып сақтандыру қорына жиналған сақтандыру төлемдерінің қайтарымдылығы табылады. Сақтандыру төлемдері мүмкін болатын нұқсанды өтеуге арналған нетто-төлемдердің және сақтандыруды жүргізуші сақтандыру ұйымын ұстау үшін жөнелтпе шығындардан тұратын сақтандыру тарифтерінің негізінде анықталады. Нетто-төлемдердің барлық сомасы белгіленген уақыт кезеңінде нұқсанды өтеу нысанында қайтарылады. Қаражаттарды қайтару белгісі сақтандыруды несие категориясына, ал сақтандыру нарығын қаржы-несие нарығына жақындатады.

Сақтандыру қоры қаражаттарының шоғырлануы – сақтандыру нарығын ұйымдастырудың негізгі қағидаты. Бұл қағидат кез-келген сақтандыру ұйымы үшін анықтаушы болып табылады.

Сақтандыру нарығының болуының міндетті шарты болып сақтандыру қызметтеріне деген қоғамдық қажеттіліктердің болуы және сол қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын сақтандырушылардың болуы табылады. Отандық экономиканың нарыққа өтуі экономикалық қатынастар жүйесіндегі сақтандырушының рөлі мен орнын өзгертеді. Сақтандыру компаниялары шаруашылық өмірдің толық құқылы субъектілеріне айналуға.

Сондай-ақ, сақтандыру нарығының қалыптасуы үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың, халықтың мүлкін сақтық қорғау үшін сәйкес сақтандыру қорларының болуы шарт.

Сақтандырудың мәнін негізге ала отырып сақтандыру рыногының келесідей негізгі функцияларын көрсетуге болады:

- Реттеуші- сақтандыру рыногы барлық басқа рыноктар сияқты мемлекеттік реттеуге жатады;
- Коммерциялық- сақтандыру рыногы сақтандыру операцияларын жүзеге асырудан пайда алуды қамтамасыз етеді;
- Бағалық-сақтандыру рыногы компанияның сақтандыру қызметтеріне баға орнатуды қамтамасыз етеді;
- Сенімділік функциясы- сақтандыру операциялары қолайсыз жағдайлар және тағы басқа пайда болған жағдайда сенімділікті қамтамасыз етеді;

сақтандыру қызметінің субъектілері – сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары дейтін болсақ, сақтандыру нарығына сақтандыру заңнамасының 10 бабына сай:

Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының қатысушылары:

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;
- 2) сақтандыру брокері;
- 3) сақтандыру агенті;
- 4) сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;
- 5) актуарий;
- 6) тәуелсіз актуарий;
- 7) тәуелсіз бағалаушы;
- 8) андеррайтер;
- 9) аджастер;
- 10) сюрвейер;
- 11) сақтандыру омбудсманы;

12) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің бірлестігі;

13) актуарийлер бірлестігі;

14) сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

сақтандыру ұйымы – сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылар – өз қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиялары негізінде жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, актуарий;

актуарий - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығының қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің, сақтандыру сыйлықақысы ставкаларының экономикалық-математикалық есептеулерін жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүргізіп жатқан және жүргізуді жоспарлап отырған сақтандыру түрлерінің пайдалылығы мен табыстылығын бағалауды жүргізетін, уәкілетті органның лицензиясы бар жеке тұлға;

сақтандыру агенті – сақтандыру агенттерінің тізіліміне енген және тапсырыс шарты негізінде бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және олардың тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

сақтандыру брокері – сақтанушының тапсыруы бойынша сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының атынан өкілдік ететін немесе өз атынан сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты қызмет көрсету жөніндегі делдалдық қызметті, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

аджастер - функциясына сақтандыру төлемі бойынша өтінішті қарау және сақтандыру жағдайынан болған залалды бағалау кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері

актуарийлер бірлестігі - өз мүшелерінің мүддесін қорғауды және олардың кәсіби қызметтеріне жағдай жасауды қамтамасыз ету үшін қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым;

андеррайтер - функциясына сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдерін бағалау және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының талаптарын айқындау кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері;

2) **ассистанс** – сақтандыру ұйымдарының, заңды тұлғалардың сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) саяхатта не тұрғылықты жерінен алыста жүрген уақытта қиын жағдайға душар болғанда сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан оған техникалық, медициналық жәрдемдесу арқылы ақшалай және (немесе) табиғи-заттай нысанда көмек көрсетуі;

сақтандыру омбудсманы – сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы өзара қатынастарды реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

сюрвейер - функциясына сақтандыруға қабылданатын сақтандыру объектісін алдын ала тексеріп қарау мен бағалау кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері не ақылы қызмет көрсету шартына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қызмет көрсететін заңды тұлға;

тәуелсіз актуарий – осы Заңның талаптарына сәйкес келетін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің есептеулерін бағалауды жүргізу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тартатын жеке тұлға;

қайта сақтандыру ұйымы (қайта сақтандырушы) – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде қайта сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

қайта сақтанушы (цедент) – өзі қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беруді жүзеге асыратын сақтандыру немесе қайта сақтандыру ұйымы;

18) сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының белгілі бір сақтандыру түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын құжаты;

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігінің, актуарийлер бірлестігінің өкілеттіктеріне:

1) сақтандыру нарығында өз қызметін жүзеге асыру кезінде өз мүшелерінің өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету;

2) ішкі құжаттарды әзірлеу;

3) сақтандыру нарығына қатысушыларды оқытуды өткізу;

4) мүшелерінің арасында туындайтын дауларды қарау;

5) өз мүшелерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылардың ықтимал бұзушылықтары туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу;

7) құрылтай құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

Сақтандыру қызметі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі болып табылады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметінен басқа қызметтің мынадай түрлерін:

1) осы Заңда белгіленген шектеулерді ескере отырып, инвестициялық қызметті;

2) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын (сақтандыру ұйымы үшін);

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды;

4) ақпарат берілімдерінің кез келген түрлерінде сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды;

5) өз мұқтаждары үшін сатып алынған (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе оның қарамағына сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты келіп түскен (сақтандыру ұйымы үшін) мүлікті сатуды немесе жалға беруді;

6) сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуді;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізуді;

8) сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалы болуды;

9) осы Заңның 52-бабының 1-тармағында аталған қызметті;

10) сақтандыру ұйымдары арасындағы не сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметін көрсететін өзге де заңды тұлғалар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде жүзеге асырылатын ассистансты;

12) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кәсіпкерлік қызмет ретінде осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделмеген мәмілелерді жүзеге асыруы мен операцияларды жүргізуіне тыйым салынады.

3-1. Сақтандыру ұйымы өзінде ірі қатысушы – жеке тұлға немесе сақтандыру холдингі болмаған кезде, мазмұны мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын міндетті сақтандыру түрлерін жүзеге асыруға құқылы емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі немесе сенімгерлік басқаруға берілген сақтандыру ұйымдарына қолданылмайды.

4. Сақтандыру ұйымдары, сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым құруға құқылы. Сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға

(сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның құрылу тәртібі мен қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға сақтандыру ұйымдарының міндетті қатысуы Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша заңнамалық актілерінде көзделеді.

№ 9 лекция. Сақтандыру қызметін қорғаудың мемлекеттік құқықтық шаралары.

Сақтандыру – сақтандыру ұйымы жүзеге асыратын, сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиға басталған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешенін білдіреді.

Сақтандыру қызметі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметі, сондай-ақ өзара сақтандыру қоғамдарының сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі.

Осы түсініктердің (анықтамалардың) талдауы негізінде авторлардың барлығы келесідей көзқарасқа ие болған деген қорытынды жасай аламыз: “Сақтандыру нарығы – бұл “сақтандыру қызметі” деген айрықша тауарды сату-сатып алумен байланысты экономикалық –құқықтық қатынастардың жиынтығы”.

Осылайша, сақтандыру нарығы қарамағындааясында бір жағынан, уақытша бос сақтандыру қорларының қаражаттары болады, ал екінші жағынан, сақтандыру нарығының оларды жоғары табыс әкелетін және салынған қаражаттардың тез қайтарылуын қамтамасыз ететін қызмет сфераларына салуға мүмкіндігі болады.

Сәйкесінше “сақтандыру нарығы” түсінігі оның мәні есебінен ашылады.

Сақтандыру нарығының мәні “сақтандыру қызметі” және “сақтандыру тәуекелі” категорияларын қарастыру кезінде анықталады. Осы жерде “... нарық пен сақтандыру тәуекелі өзара байланысты”. Бір жағынан, нарық сақтандыру тәуекеліне әсер етеді, екінші жағынан – қалыптасқан жағдайға байланысты сақтандырудың тәсілі мен шарттары дайындалады.

Сақтандыру қызметін реттейтін заңнамаға сай сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы талаптары мынадай:

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметті) жүзеге асыру құқығына лицензиясы, сақтандыруды белгілі бір түрі бойынша жүзеге асырудың жалпы талапта-

рын айқындайтын сақтандыру қағидалары және ішкі қағидалары болғанда ғана сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы.

1-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржы өнімдерін ұсыну үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен уәкілетті органның алдын ала келісімін алуға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз татында актуарийі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз штатында актуарийі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

Тәуелсіз актуарий ретінде тартылатын жағдайларды қоспағанда, актуарий өз қызметін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында қоса атқаруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің осы Заңда белгіленген қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тартады.

Осы тармақтың талаптары аудиторлық ұйым міндетті аудит жүргізген кезде тәуелсіз актуарийді тартқан жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қолданылмайды.

Тәуелсіз актуарий мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

1) тексерілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері болмауы;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметін жүзеге асыратын сақтандыру саласында кемінде екі жыл актуарийлік қызмет тәжірибесінің болуы;

3) уәкілетті органның актуарийлік қызметке арналған лицензиясы болуы немесе тізбесі мен талаптарын уәкілетті орган белгілейтін актуарийлердің халықаралық қауымдастығының мүшесі болуы.

Өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Исламдық сақтандыру ұйымын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, өзінің сақтанушыларына сатып алу сомасы шегінде қарыз беруге құқылы.

2. Сақтандыру ұйымы аннуитеттік сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде актуарийдің қорытындысы негізінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен тұрақты сақтандыру төлемінің мөлшерін ұлғайтуға құқылы.

4. Сақтандыру ұйымы сақтанушы инвестицияларға қатысқан, сондай-ақ сақтандырушының пайдасы жағдайында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін осы Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген сақтандыру сыныптары шеңберінде сақтандыру түрлерін әзірлеуге құқылы.

5. Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу тәртібі мен ерекшеліктері, сондай-ақ сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтанушының инвестицияларға қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру ұйымы ішкі резервтік қордың орнын толтыратын активтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және жағдайларда инвестициялық портфельді басқаратын инвестициялық басқармаға беруге міндетті.

Ішкі резервтік қордың активтерін есепке алуды және сақтауды инвестициялық портфельді басқарушымен жасалған кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан жүзеге асырады.

Ішкі резервтік қордың қаражатын осы Заңда көзделмеген мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысумен байланысты төлемдерді есепке жазу - аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

6. Жинақталған сомаларды есепке ала отырып, сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысуына байланысты төлемдерді жүзеге асыру:

1) сақтандыру төлемі құрамында сақтандыру жағдайы басталған;

2) сақтандыру төлемі құрамында жинақтаушы сақтандыру мерзімі аяқталған;

3) сатып алу сомасы құрамындағы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайларда жүргізіледі.

Сақтанушының акционерлермен (жалғыз акционермен) және (немесе) сақтандыру ұйымының аффилирленген тұлғаларымен сақтандырушының пайдасына қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартын жасасуға жол берілмейді.

№10 лекция. Сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын құқықтық қамтамасыз ету мәселелері.

Өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Исламдық сақтандыру ұйымын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, өзінің сақтанушыларына сатып алу сомасы шегінде қарыз беруге құқылы.

2. Сақтандыру ұйымы аннуитеттік сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде актуарийдің қорытындысы негізінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен тұрақты сақтандыру төлемінің мөлшерін ұлғайтуға құқылы.

4. Сақтандыру ұйымы сақтанушы инвестицияларға қатысқан, сондай-ақ сақтандырушының пайдасы жағдайында сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін осы Заңның 6-бабының 2-тармағында көрсетілген сақтандыру сыныптары шеңберінде сақтандыру түрлерін әзірлеуге құқылы.

5. Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу тәртібі мен ерекшеліктері, сондай-ақ сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына

қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтанушының инвестицияларға қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру ұйымы ішкі резервтік қордың орнын толтыратын активтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және жағдайларда инвестициялық портфельді басқаратын инвестициялық басқармаға беруге міндетті.

Ішкі резервтік қордың активтерін есепке алуды және сақтауды инвестициялық портфельді басқарушымен жасалған кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан жүзеге асырады.

Ішкі резервтік қордың қаражатын осы Заңда көзделмеген мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысумен байланысты төлемдерді есепке жазу - аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

6. Жинақталған сомаларды есепке ала отырып, сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысуына байланысты төлемдерді жүзеге асыру:

1) сақтандыру төлемі құрамында сақтандыру жағдайы басталған;

2) сақтандыру төлемі құрамында жинақтаушы сақтандыру мерзімі аяқталған;

3) сатып алу сомасы құрамындағы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайларда жүргізіледі.

Сақтанушының акционерлермен (жалғыз акционермен) және (немесе) сақтандыру ұйымының аффилирленген тұлғаларымен сақтандырушының пайдасына қатысу жағдайларын көздейтін сақтандыру шартын жасасуға жол берілмейді.

Ортақ сақтандыру жөніндегі қызмет

1. Сақтандыру пулын жасау арқылы тәуекелдерді сақтандыруды жүзеге асыру кезінде ортақ сақтандыру шарты жетекші сақтандыру ұйымының функциялары мен өкілеттіктерін өзіне қабылдайтын сақтандыру ұйымының талаптары негізінде жасалады.

2. Лицензиясында тиісті сақтандыру сыныбы көрсетілмеген сақтандыру ұйымының ортақ сақтандыру ісіне қатысуына тыйым салынады.

Лицензиясыз қызметке тыйым салу

1. Уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы жоқ бірде-бір тұлғаның:

1) өз атынан сақтандыру, қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға, негізгі немесе Қосымша қызмет түрі ретінде сақтандыру брокерінің, актуарийдің қызметін көрсетуге;

2) өзінің атауында, құжаттарда, хабарландырулар мен жарнамада "сақтандыру", "қайта сақтандыру", "сақтандыру ұйымы", "қайта сақтандыру ұйымы", "сақтандыру брокері" деген сөздерді немесе оның өз атынан сақтандыру немесе қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асыруды білдіретін не сақтандыру брокері, актуарий ретінде көрінетін туынды сөздерді (сөз тіркестерін) кез келген тілде пайдалануға құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның лицензиясыз сақтандыру қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады.¹⁴

Шекарааралық сақтандыру (қайта сақтандыру)

1. Сақтандыру ұйымының басқа мемлекеттің аумағында сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты сақтандыру трансшекарааралық сақтандыру болып табылады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзі қайта сақтандыруға қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін беруді пруденциялық нормативтерді есептеу тәртібіне қойылатын талаптар ескеріліп жүзеге асырылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының атынан сақтандыру шартын жасасу жөніндегі делдалдық қызметке жол берілмейді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымының атынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары

иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті тиісті сақтандыру сыныбы көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру ұйымдары және аталған Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру ұйымымен жасалған тиісті шарты болған жағдайда Қазақстан Республикасының резиденттері - сақтандыру брокерлері жүзеге асыра алады. 15

Ірі қатысушылардың міндеттері

1. Уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын және (немесе) сақтандыру холдингтерін жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады.
2. Сақтандыру холдингі, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін (артықшылықты акцияларды шегере отырып) акцияларының жиырма бес пайыздан астамын тікелей немесе жанама иемденетін жеке тұлғалар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, пруденциялық нормативтерді белгіленген деңгейлерден төмен емес деңгейде ұстау жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.
3. Сақтандыру холдингі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының мөлшерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген деңгейде қамтамасыз етуге міндетті.

Уәкілетті орган сақтандыру холдингі жоқ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін жекелеген пруденциялық нормативтерді және олардың нормативтік мәнін белгілеуге құқылы.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің деңгейі төмендеген жағдайда, сақтандыру холдингі уәкілетті органның талабы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын жақсарту, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде ұлғайту жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.
5. Егер уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының аффилиирленген тұлғаларының, олардың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаса, осы бапта келтірілген шаралар осы тұлғаларға қатысты да қолданылуы мүмкін. -46-1

Сақтандыру резервтері

1. Сақтандырудың және қайта сақтандырудың қолданылып жүрген шарттары бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының актуарий есептеген көлемде қалыптасқан сақтандыру резервтерінің болуы міндетті.
2. Сақтандыру резервтерінің қаражаты тек қана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қолданылып жүрген сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған.
3. Сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесін қалыптастыруға және олардың құрылымына, соның ішінде қызметі лицензиялануға тиіс қоғамдарға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. -47

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру холдингтері үшін тыйым салынған немесе шектелген қызмет

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мүшелікті, сондай-ақ осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын иемденуге, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға және осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Сақтандыру холдингтеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мүшелікті, сондай-ақ осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, операциялар мен мәмілелерді кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын иемденуге, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға және осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тыйым салу:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының:

- деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымды;

қызметтің ерекше түрі ретінде сақтандыру агентінің қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларды;

- сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерінің жүзеге асырылуына кепілдік беретін ұйымды;

- сатып алынатын акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келуі шартымен орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он пайыздан аз мөлшерінде заңды тұлғаларды;

- қаржы ұйымдарын, сондай-ақ банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар, өзінде сақтандыру холдингі бар болған кезде орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алғандарын шегере отырып) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызы мөлшерінде Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғаларды. Бұл ретте, сақтандыру холдингінің болуы жөніндегі талап дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды;

2) сақтандыру холдингтерінің:

қаржы ұйымдарын;

банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес заңды тұлғаларды құру, сондай-ақ акцияларды немесе жарғылық капиталдарға қатысу үлестерін сатып алу жағдайларына қолданылмайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын сатып алуы бір заңды тұлға үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының он пайызынан аспауы тиіс. Бұл шектеу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын иеленуіне, оның ішінде оларды құрған кезде қолданылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не акцияларының жиынтық құны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының елу пайызынан аспауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Бұл талап Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банктеріне қолданылмайды.

Сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдары заңды тұлғалардың уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Бұл талап:

Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына;

Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес банктерге;

сақтандыру холдингі аталған заңды тұлғалардың акцияларына немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне тікелей иелік ететін (дауыс беруге, шешімдерді айқындауға және (немесе)

қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе Қазақстан Республикасының резиденттері банктің акцияларына иелік ету арқылы (дауыс беру, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) бас ұйым болып табылатын заңды тұлғаларға;

сақтандыру холдингі болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері емес еншілес ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге мынадай талаптардың біреуін орындаған кезде:

сақтандыру холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ аталған тұлғалардың шыққан елінің қаржылық қадағалау органынан олардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы бар болғанда;

уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісім, сондай-ақ рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингі болған кезде қолданылмайды. Ең төменгі рейтинг пен рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тыйым салу меншігіне мынадай:

1) сақтандыру холдингтерінің:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын;

талап етілетін ең төмен рейтингі бар облигацияларды сатып алуы жағдайларына қолданылмайды. Талап етілетін ең төмен рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының:

тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін қаржы құралдарын (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.

Осы тармақта белгіленген шектеулер бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді осы ұйымның қайта құрылымданатын міндеттемелері тізбесіне енгізу шартымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің бұдан бұрын сатып алынғандардың орнына қайта құрылымдау процесіндегі ұйымдардың облигацияларын сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына:

1) акциялардан басқа, бағалы қағаздардың өзге түрлерін шығаруға;

2) банктерден меншікті капиталының мөлшерінен асатын мөлшерде қарыз қаражатын үш айдан астам мерзімге тартуға;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне бір жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға қаржылық көмекті қоспағанда, өтеусіз негізде қаржылық көмек көрсетуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кез келген тәсілдермен қарыз беруге тыйым салынады.

6. Сақтандыру холдингтері осы баптың 2-тармағында көрсетілген қызметтен басқа мынадай қызмет түрлерімен:

1) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғасы болып табылмайтын тұлғадан өз мұқтажына сатып алынған мүлікті сатып алумен;

2) қаржылық қызметімен байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетумен;

3) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғасы болып табылмайтын тұлғаға меншікті мүлкін сатумен айналысуға құқылы.

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және сақтандыру холдингтеріне, тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында жасалған операцияларды қоспағанда, туынды қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға тыйым салынады.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының не сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдарына,

капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының не сақтандыру холдингінің қомақты қатысуы бар ұйымдарға тиесілі сақтандыру тобының бас ұйымының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) жиынтық үлесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын лимиттерден аспауға тиіс.

9. Осы баптың талаптары:

1) мынадай талаптардың бірін:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілеріне иеленген тұлға шыққан елдің қаржылық қадағалау органының аталған Қазақстан Республикасының резиденттері емес тұлғалардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауының болуын;

уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісім, сондай-ақ рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингі бар болғанда сақтандыру холдингі, сақтандыру холдингінің белгілерін иеленген тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері еместерге қолданылмайды. Ең төменгі рейтинг пен рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

2) банк конгломераттарының құрамына кіретін банк холдингтері болып табылатын сақтандыру холдингтеріне;

3) аталған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларына тікелей иелік ететін (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру холдингінің акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иелену (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларына жанама түрде ие (дауыс беру, шешімдерді айқындау және (немесе) қабылданатын шешімге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігі бар) сақтандыру холдингтеріне;

4) қаржы ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру холдингтеріне қолданылмайды.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғаларынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының мөлшерінен асатын, өзі қабылдап алған сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен төмен емес халықаралық кредиттік рейтингі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына беруге міндетті. Рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бір үлестес тұлғасымен жасасқан сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша өзіндік ұстап қалудың жиынтық мөлшері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының он пайызынан аспауға тиіс.

11. Осы баптың талаптары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі резервтік қорының активтерін инвестициялауға қолданылмайды. 48

Сақтандыру бойынша ірі мәмілелер жасау

1. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жауапкершілік лимиті (сақтандыру сомасы немесе өздігінен ұстап қалу) уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нормативтен асып кетсе, сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша мәміле ірі мәміле деп танылады.

2. Ірі мәміле жасау туралы шешімді сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі актуарийдің алдын ала қорытындысы негізінде бекітуге тиіс.

Бағалы қағаздармен және вексельдермен мәмілелер жасау

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен жасалған мәмілелер Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып тіркеледі.
2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алтын акция шығаруға құқығы жоқ. 50

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
акцияларымен жасалған мәмілелерді бақылау**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін (артықшылықты акцияларды шегере отырып) акцияларының жалпы санының бес процентінен астам дауыс беретін (артықшылықты акцияларды шегере отырып) акцияларын меншік құқығына немесе басқару құқығына алатын тұлға растайтын құжаттарды табыс ете отырып күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға көрсетілген мәміленің жасалғандығы туралы жазбаша хабарлама табыс етуге міндетті.

4. Осы баптың талаптары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларымен және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларына шығарылған депозитарийлік қолхаттармен жасалған мәмілелердің барлық түріне қолданылады. 51

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
бірлескен қызметке қатысуы**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысуға құқылы.
2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қатысуымен бірлескен қызмет туралы шарт жасалған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органда тіркелуге жатады.
3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, онымен және оның құрылтайшыларымен қосылма тұлғалардың және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысатын консорциумдар мен жай серіктестіктерге қатысушы ұйымдардың қызметін қадағалау ынтымақтасқан негізде жүзеге асырылады. Ынтымақтасып қадағалау ережелерін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. 52

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары:

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің, басқармасының, бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттерін, олардың жауапкершілігін;
- 2) тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясат пен рәсімдерді;
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметінің түрлері бойынша тәуекелдердің рұқсат етілетін мөлшеріне жеке-жеке лимиттерді;
- 4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының органдарына тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жөніндегі есептілікті ұсынудың ішкі рәсімдерін;
- 5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі критерийлерін қамтуға тиіс тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Сақтандыру тобында уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі болуға тиіс.

Сақтандыру тобының бас ұйымы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды шоғырландырылған негізде сақтауды қамтамасыз етеді.

Сақтандыру тобының бас ұйымы сақтандыру тобына қатысушылардың тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды сақтауы үшін жауапты болады. 52-1

Шындыққа сай келмейтін жарнамаға тыйым салу

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жариялану күні олардың қызметі шындыққа сай келмейтін жарнама жасауға тыйым салынады.

2. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан шындыққа сай келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді, оны тоқтатуды немесе оны теріске шығарып жариялауды талап етуге құқылы.

Бұл талап уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда уәкілетті орган жарнамадағы мәліметтердің шындыққа сай келмейтіндігі туралы ақпаратты жариялауға не оларды мұндай жарнаманы жариялаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есебінен нақтылауға құқылы.

Мынадай тұлғаларға:

«өмірді сақтандыру» немесе «жалпы сақтандыру» салалары бойынша, сондай-ақ қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметкерлері болып табылмайтын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары уәкілеттік бермеген жеке тұлғаларға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ұсынатын қызметтерге жарнама беруші ретінде әрекет етуге тыйым салынады.

52-2

5. Кепілдік беру қорының барынша төмен мөлшері

25. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының ең аз мөлшері мына шамалардан кем болмауы тиіс:

«жалпы сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 600 000 000 (алты жүз миллион) теңге;

«өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 1 100 000 000 (бір миллиард бір жүз миллион) теңге;

Заңның 6-бабы 3-тармағының тармақшаларында көрсетілген сақтандырудың ерікті нысанындағы сыныптары бойынша және сақтандырудың міндетті нысанындағы кез келген сыныбы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы үшін - 1 000 000 000 (бір миллиард) теңге;

қайта сақтандыруды айрықша қызмет түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы үшін - 780 000 000 (жеті жүз сексен миллион) теңге.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті күндегі міндеттемелерінің жалпы көлеміндегі Заңның 6-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сынып бойынша міндеттемелердің үлесі 90 (тоқсан) пайыздан астам құраса сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының ең аз мөлшері 10 (он) пайызға азайтылады.

6. Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі және кепілдік беру қорының нормативі

29. Егер төлем қабілеттілігі маржасының барынша төмен мөлшері барынша төмен кепілдік беру қорынан төмен болса, онда төлем қабілеттілігі маржасының барынша төмен мөлшері барынша төмен кепілдік беру қорына тең шекті құрайды.

30. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының немесе кепілдік беру қорының барынша төмен мөлшері осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес қайта сақтандырушының қаржылық сенімділік рейтингіне немесе Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандыру ұйымының нақты төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің мәніне байланысты қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері және резидент еместері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қайта сақтандыруға берілетін (берілген) міндеттемелер сомасына ұлғайтылады.

Қайта сақтандырушының рейтингтік бағасы немесе төлем қабілеттілігінің нақты маржасының жеткіліктілік нормативі төмендеген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарты жасалған күнгі рейтингтік бағалау мәнін немесе төлем қабілеттілігінің нақты маржасының жеткіліктілік нормативін қайта сақтандыру шартын қолдану мерзімі, бірақ 12 (он екі) айдан аспайтын мерзім ішінде пайдаланады.

№ 11 лекция. Сақтандыру келісімшарттарын орындау жағдайлары.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын сатып алуы бір заңды тұлға үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының он пайызынан аспауы тиіс. Бұл шектеу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аталған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін не акцияларын иеленуіне, оның ішінде оларды құрған кезде қолданылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не акцияларының жиынтық құны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының елу пайызынан аспауға тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғалардың акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Бұл талап Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банктеріне қолданылмайды.

Сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдары заңды тұлғалардың уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін ғана сатып алуға құқылы. Бұл талап:

Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына;
Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес банктерге;

сақтандыру холдингі аталған заңды тұлғалардың акцияларына немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне тікелей иелік ететін (дауыс беруге, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал етуге мүмкіндігі бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе Қазақстан Республикасының резиденттері банктің акцияларына иелік ету арқылы (дауыс беру, шешімдерді айқындауға және (немесе) қабылданатын шешімдерге шарттың күшіне қарай немесе өзгеше түрде ықпал ету мүмкіндігінің болуы) бас ұйым болып табылатын заңды тұлғаларға;

сақтандыру холдингі болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері емес еншілес ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместерге мынадай талаптардың біреуін орындаған кезде:

сақтандыру холдингінде тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингтік агенттіктердің бірінің А рейтингінен төмен емес жеке кредиттік рейтингі, сондай-ақ аталған тұлғалардың шыққан елінің қаржылық қадағалау органынан олардың шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауы бар болғанда;

уәкілетті орган мен шет мемлекеттің тиісті қадағалау органы арасында ақпарат алмасу туралы келісім, сондай-ақ рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингі болған кезде қолданылмайды. Ең төменгі рейтинг пен рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген тыйым салу меншігіне мынадай:

1) сақтандыру холдингтерінің:

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын;

талап етілетін ең төмен рейтингі бар облигацияларды сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.

Талап етілетін ең төмен рейтинг және рейтингтік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының:

тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін қаржы құралдарын (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.

Осы тармақта белгіленген шектеулер бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді осы ұйымның қайта құрылымданатын міндеттемелері тізбесіне енгізу шартымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің бұдан бұрын сатып алынғандардың орнына қайта құрылымдау процесіндегі ұйымдардың облигацияларын сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына:

1) акциялардан басқа, бағалы қағаздардың өзге түрлерін шығаруға;

2) банктерден меншікті капиталының мөлшерінен асатын мөлшерде қарыз қаражатын үш айдан астам мерзімге тартуға;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне бір жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға қаржылық көмекті қоспағанда, өтеусіз негізде қаржылық көмек көрсетуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кез келген тәсілдермен қарыз беруге тыйым салынады.

6. Сақтандыру холдингтері осы баптың 2-тармағында көрсетілген қызметтен басқа мынадай қызмет түрлерімен:

1) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғасы болып табылмайтын тұлғадан өз мұқтажына сатып алынған мүлікті сатып алумен;

2) қаржылық қызметімен байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетумен;

3) сақтандыру холдингінің үлестес тұлғасы болып табылмайтын тұлғаға меншікті мүлкін сатумен айналысуға құқылы.

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және сақтандыру холдингтеріне, тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында жасалған операцияларды қоспағанда, туынды қаржы құралдарымен жасалатын операцияларды жүзеге асыруға тыйым салынады.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының не сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдарына, капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының не сақтандыру холдингінің қомақты қатысуы бар ұйымдарға тиесілі сақтандыру тобының бас ұйымының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе сақтандыру холдингінің акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) жиынтық үлесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын лимиттерден аспауға тиіс.

№ 12 лекция. Сақтандырудың өзге салаларына теориялық талдау жүргізу.

Сақтандыру шарттық қатынастарының ерекшелігі: сақтандырушы шығаратын ережелерде көрсетілген жағдайларға сақтанушы қосылу керек. Өз кезегінде сақтандырушы заңның барлық 2000ж. ІХ желтоқсандағы ҚР Заңындағы ред. К.Р АҚ 8036., 1 гарм. талаптарының және оның қызметін тұтынушылардың мүддесін сақтау бойынша міндетін атқарады. Егер сақтанушының қызметін бақылайтын өкілетті мемлекеттік орган заңның бұзылуын ережелерде көрсе, онда ол сол немесе басқа сақтандыру қызметін жүргізуге лицензия (рұқсат) бермеудің негізі болып есептеледі.

Сақтандыру ережелері сақтандырушымен сақтандырудың әр түрі үшін бөлек дайындалады және сақтандырудың тиісті түрін жүргізуі үшін лицензияны (рұқсатты) беру құқығы өкілетті мемлекеттік органымен келісуге жатқызылады. Шартта қарастырылмаған жағдайларға байланысты даулар пайда болса, онда басшылыққа сақтандыру ережелеріндегі жағдайлар алынуы тиіс.

Сақтандыру ережелері мыналарды қарастыруы керек:

- 1) сақтандыру объектілерінің тізімін;
- 2) сақтандыру сомаларын анықтаудың тәртібін;
- 3) сақтандыру тәуекелдерді;
- 4) сақтандыру жағдайларының қатарынан алып тастаулар және сақтандыруға шек қоюлар;
- 5) сақтандыру шарты қолданылуының мерзімі мен орнын;
- 6) сақтандыру шартын жасаудың тәртібін;
- 7) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;
- 8) сақтандыру жағдайы орын алғандағы сақтанушы жасауы тиіс әрекеттерді;
- 9) сақтандыру жағдайының орын алғанын анықтайтын құжаттар тізімін;
- 10) сақтандыру төлемдерін жасаудың жағдайлары мен тәртібін;
- 11) сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту жөнінде шешім қабылдау мерзімін;
- 12) сақтандыру шартты жағдайларының тоқтатылуын;
- 13) дауларды шешудің тәртібін;
- 14) сақтандыру тарифтерін және оларды экономикалық негіздеу;
- 15) ерекше жағдайлар.

Сақтандыру ережелеріндегі жағдайларды сақтандырудың әдет ғұрып нормаларына жатқызуға болады деп айта аламыз. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 825-1-бабының 4-тармағының мазмұны осыны дәлелдейді. Келісім бойынша сақтанушы мен сақтандырушының арасында қосымша жағдайлар үш еседен көп қайталанса, сақтандырушы заңнама қарастырған тәртіпте сақтандырудың белгілі түрі бойынша ережелерді өзгертуге міндетті. Яғни, бұл жағдайлар сақтандырушының тұрақтанған тәжірибесінің бөлігі ретінде қарастырылады.

Сақтандыру шартының сипаттамаларын қарастырайық. Заңнамадағы анықтамасына сәйкес сақтандыру шарты консенсуалды болып қаралады. Бірақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 827-6. сәйкес, сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлық ақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеу қарастырылса, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады. Осыны ескерсек іс жүзінде жалпы тәртіп бойынша сақтандыру шартының салдары болып келетіні түсінікті. Сақтандыру шартына консенсуалдық мінез тараптардың келісімімен немесе жеке заң актілерімен берілуі мүмкін.

Сақтандыру шарты өзара шарт, оны сақтанушы мен сақтандырушының негізгі құқықтары мен міндеттеріне назар аудара отырып көруге болады. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақыларын төлеу керек, ал сақтандырушы олардың төленуін талап етуге құқылы. Тиісінше (өз кезегінде) сақтанушы сақтандырушыдан оның сақтандыру төлемін жасау бойынша міндетінің орындалуын талап ете алады. Сақтандыру шарты - ақылы шарт, тараптардың әрқайсысы берілгеннің орнына мүлктік қанағат алады. Сақтандырушы тарапы сақтандыру сыйлық ақылары түрінде мүлктік қанағат алады, ал сақтанушы тарабы болса немесе пайда табушы сақтандыру төлемін алған ретте мүлктік қанағаттандыруға қол жеткізеді. Сақтандыру шартының ақылығы сақтандыру төлемі барлық жағдайларда жасалмайтынына қарамастан сақтала береді. Оның орналасуы мен алынуы сақтандыру шартын жасау кезінде тараптардың ниетімен қамтылады.

№ 13 лекция. Оқыс жағдайларда медициналық сақтандыру ерекшеліктері.

Сақтандыру агентінің делдалдық қызметі және оған қойылатын талаптар

1. Сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттігі осы Заңның және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптары ескеріле отырып, тапсырма шартында айқындалады.

Сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сақтандыру агенті сақтандыру ұйымы өкілеттік берген іс-әрекеттерді өзі жасайды және оларды жасауды өзге адамға қайта сенім білдіріп тапсыруға құқылы емес.

Сақтандыру агентінде өкілеттіктер болмаған жағдайда оның сақтандыру агенті ретіндегі қызметіне жол берілмейді.

2. Сақтандыру ұйымы өзінің атынан және оның тапсырысы бойынша сақтандыру агенті жасасқан сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауға міндетті.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру агентінің мынадай іс-әрекеттерді жасағаны:

1) сақтандыру шарттарын жасасқаны, сондай-ақ сақтандыру агентінің белгіленген өкілеттіктерден тыс іс-әрекеттер жасағаны;

2) уәкілетті органның лицензиясы жоқ сақтандыру ұйымының сақтандыру сыныптары мен түрлері бойынша сақтандыру шарттарын жасасқаны;

3) сақтандыру шартын жасасу талаптары бойынша сақтанушыны әдейі шатастырғаны;

4) сақтандыру шартын және олардың негізінде сақтандыру шарты жасалатын құжаттарды ресімдеу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды сақтамағаны;

5) Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарын өзге де бұзушылықтары үшін жауаптылықта болады.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру агентінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген делдалдық қызметті жүзеге асыруына байланысты емес іс-әрекеті үшін жауаптылықта болмайды.

3. Сақтандыру агенті сақтауға міндетті шарттар, оның ішінде сақтандыру есептілігі бланкілерінің есебін жүргізу мен сақтау, қолма-қол ақшамен жұмыс істеу мәселелері жөніндегі шарттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып, сақтандыру ұйымының ішкі құжаттарында белгіленеді. 4. Сақтандыру агентіне сақтандыру ұйымының атынан және оның тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасасу кезінде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге сақтанушыдан төлемді қолма-қол ақшамен қабылдауға тыйым салынады.

Осы шектеу сақтандыру агентінің Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келетін адамдардан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттерінде

сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге төлемді қолма-қол ақшамен қабылдауына қолданылмайды.

5. Сақтандыру агентіне тапсырма шарты бойынша оған тиесілі сыйақыны сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақыларынан ұстап қалуына тыйым салынады.

6. Осы Заңның 18-2-бабында көзделген өкілеттіктер шегінде бір сақтандыру шарты бойынша екі немесе одан да көп сақтандыру агентінің делдалдық қызметті жүзеге асыруына жол берілмейді.

7. Сақтандырушының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес сақтандыру шарттарын жасасу бойынша делдалдық қызмет көрсеткені үшін сақтандыру агентіне төлейтін комиссиялық сыйақының мөлшері:

жеке тұлға үшін – осы шарт бойынша төленуге жататын есепке жазылған сыйлықақы мөлшерінің он пайызынан;

заңды тұлға үшін – осы шарт бойынша төленуге жататын есепке жазылған сыйлықақы мөлшерінің он бес пайызынан аспауға тиіс.

8. Комиссиялық сыйақының құрамына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру агентіне қатысты шығыстарының барлық түрлері, оның ішінде жалға алуға ақы төлеу жөніндегі шығыстары, сыйақылардың кез келген түрлері, сондай-ақ кез келген мүлікті немесе материалдық пайданы беру кіреді.

Сақтандыру агентінің делдалдық қызметін жүзеге асыратын адамдарға, сондай-ақ олардың есебін жүргізу және оқыту тәртібіне қойылатын талаптар

1. Мыналар:

1) кәмелеттік жасқа толмаған;

2) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) орта білімі жоқ;

4) осы баптың 4-тармағында көзделген талаптарға сәйкес оқытудан өтпеген;

5) еңбек шарты негізінде сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің қызметкері болып табылатын;

б) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

7) бұрын уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, лицензиядан айыру, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдағанға дейінгі бір жылдан аспайтын кезеңде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің не өзге де қаржы ұйымының не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа да заңды тұлғаның басшы қызметкері лауазымын атқарған жеке тұлға сақтандыру агентінің делдалдық қызметін жүзеге асыруға құқылы емес. Аталған талап уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, лицензиядан айыру, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдағаннан не заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп танығаннан кейін бес жыл бойы қолданылады;

8) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан қызметкер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген жағдайда сақтандыру брокерінің, сақтандыру агентінің - заңды тұлғаның бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған, бұрын сақтандыру брокерінің, сақтандыру агентінің - заңды тұлғаның қызметкері болған жеке тұлға сақтандыру агентінің делдалдық қызметін жүзеге асыруға құқылы емес. Аталған талап сақтандыру брокерінің, сақтандыру агентінің - заңды тұлғаның бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған күннен бастап бес жыл бойы қолданылады.

2. Сақтандыру ұйымы сақтандыру агенттерінің тізілімін жүргізуге және оны сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың шолу жасауы мен танысуы үшін (интернет-ресурстарды қоса алғанда) қолжетімді жерге орналастыруға міндетті.

Сақтандыру агентінің делдалдық қызметін жүзеге асыратын адамдардың осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкестігі және оқытудың ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандар

тапсырғанын растайтын құжаттың болуы сақтандыру агенттерінің тізіліміне енгізуге негіз болып табылады.

Заңды тұлға болып табылатын сақтандыру агенті осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес сақтандыру шарттарын жасасу лауазымдық міндеттеріне кіретін қызметкерлерді міндетті түрде көрсете отырып және оларда оқытудың ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандар тапсырғанын растайтын құжаттары болған кезде сақтандыру агенттерінің тізіліміне енгізілуге жатады.

Лауазымдық міндеттеріне сақтандыру шарттарын жасасу кіретін сақтандыру агенті – заңды тұлға қызметкерлерінің саны екі адамнан кем болмауға тиіс.

3. Сақтандыру ұйымы сақтандыру агентінің делдалдық қызметін жүзеге асыратын адамдардың тізілімін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен және мерзімде уәкілетті органға табыс етуге міндетті.

4. Оқуды ұйымдастыруды және оқытудың ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандар тапсырғанын растайтын тиісті құжат беруді сақтандыру ұйымы жүзеге асырады.

Оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру агентіне басқа сақтандыру ұйымы берген оқытудың ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандар тапсырғанын растайтын құжатты танымауға құқылы.

5. Сақтандыру агенттерінің тізілімінен шығаруға:

1) сақтандыру агентінің қатарынан он екі ай ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет бұзғандығының анықталғаны туралы сақтандыру ұйымы шығарған уәкілетті органның жазбаша нұсқамасы;

2) тапсырма шартының талаптарынан туындайтын міндеттерді сақтандыру агентінің орындамағанын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келетін сақтандыру шарттарын жасасқанын сақтандыру ұйымының анықтауы;

3) сақтандыру агентінің делдалдық қызметін жүзеге асыратын адамның осы баптың 1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеуін уәкілетті органның, сақтандыру ұйымының анықтауы негіз болып табылады.

Сақтандыру агенті осы тармақта көзделген негіздер бойынша сақтандыру агенттерінің тізілімінен шығарылған жағдайда, аталған адамға ол шығарылған сәттен бастап бес жыл бойы сақтандыру агентінің қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады.

№ 14 лекция. Жеке және заңды тұлғалардың мүлкін сақтандырудың кейбір құқықтық мәселелері.

Сақтандыру ұйымына сақтанушыларға ақпарат беру жөнінде қойылатын талаптар

1. Тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері өзгерген, атауы өзгерген жағдайда сақтандыру ұйымы бұл жөнінде өзінің сақтанушыларына республикалық екі газетте хабарландыру жариялау арқылы бір айдан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Өзінің оқшауланған бөлімшесінің орналасқан жері өзгерген жағдайда сақтандыру ұйымы бұл жөнінде өзінің сақтанушыларына тиісті екі облыстық газетте хабарландыру жариялау арқылы бір айдан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

2. Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның тиісті түрде куәландырылған көшірмесін оны көріп, танысуға болатын жерге орналастыруға міндетті.

2-1. Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру шеңберінде қызметтер көрсеткені үшін сақтандыру сыныптары бойынша және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес сақтандыру тарифтерінің мөлшері туралы ақпаратты интернет-ресурста немесе клиенттердің көруі үшін қолжетімді жерде орналастыруға және жаңартылған күйде ұстауға міндетті.

3. Сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушының сақтандыру ұйымынан оның қызметінің пайдалары мен шығындары туралы бухгалтерлік баланс пен есептен тұратын жылдық қаржы есебін және аудиторлық ұйым куәландырған аудиторлық есепті, сондай-ақ сақтандыру құпиясын, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрамайтын өзге де ақпаратты сұратып алуға құқығы бар.

4. Сақтанушы исламдық сақтандыру шартын жасасқан кезде исламдық сақтандыру ұйымынан сақтандыру қағидаларының осы Заңның 6-1-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын, исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің қорытындысын сұратуға құқылы.

Сақтандыру брокерін құру

1. Сақтандыру брокерінің ұйымдық-құқықтық нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік не акционерлік қоғам болып табылады.

2. Сақтандыру брокерінің атауы "сақтандыру брокері" деген сөздерден немесе осы сөздерден туындайтын сөздерден құралуға тиіс.

3. Сақтандыру брокеріне өз атауында "ұлттық", "орталық", "бюджеттік", "республикалық" деген сөздерді пайдалануға тыйым салынады.

4. Бұрын құрылған сақтандыру брокерлерінің, соның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру брокерлерінің атауларымен аралас дәрежеге дейінгі бірегей немесе ұқсас белгілерді атауы ретінде пайдалануға жол берілмейді. Осы тыйым салу еншілес сақтандыру брокері өзінің бас ұйымының атауын пайдаланған жағдайда қолданылмайды.

5. Сақтандыру брокерін мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Сақтандыру брокерінің құрылтайшыларына қойылатын талаптар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының немесе оның қызметкерлерінің сақтандыру брокерін құруына немесе оның қызметіне қатысуына тыйым салынады.

2. Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары мен қызметкерлеріне бір мезгілде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қызмет атқаруға болмайды.

Сақтандыру брокерінің жарғылық капиталын қалыптастыру

Сақтандыру брокерінің құрылтайшылары, қатысушылары не акционерлері сатып алынатын қатысу үлестерін не акцияларды ұлттық валютадағы ақшамен ғана төлеуге міндетті.

Құрылатын сақтандыру брокерінің жарғылық капиталының ең аз мөлшерін оның құрылтайшылары оны мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін толық төлеуге тиіс.

Жарғылық капиталдың ең аз мөлшеріне және сақтандыру брокері қызметінің өзге де шарттарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

№ 15 лекция. Сақтандыру жауапкершілігі. Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру мәселелері.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызметті) жүзеге асыру құқығына лицензиясы, сақтандыруды белгілі бір түрі бойынша жүзеге асырудың жалпы талапта-

рын айқындайтын сақтандыру қағидалары және ішкі қағидалары болғанда ғана сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы.

1-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қаржы өнімдерін ұсыну үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен уәкілетті органның алдын ала келісімін алуға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз татында актуарийі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өз штатында актуарийі болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

Тәуелсіз актуарий ретінде тартылатын жағдайларды қоспағанда, актуарий өз қызметін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында қоса атқаруға құқылы емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында

тұрған актуарийдің осы Заңда белгіленген қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тартады.

Осы тармақтың талаптары аудиторлық ұйым міндетті аудит жүргізген кезде тәуелсіз актуарийді тартқан жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қолданылмайды.

Тәуелсіз актуарий мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

- 1) тексерілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкері болмауы;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызметін жүзеге асыратын сақтандыру саласында кемінде екі жыл актуарийлік қызмет тәжірибесінің болуы;
- 3) уәкілетті органның актуарийлік қызметке арналған лицензиясы болуы немесе тізбесі мен талаптарын уәкілетті орган белгілейтін актуарийлердің халықаралық қауымдастығының мүшесі болуы.